



**ШЕШІМ**

14.12.2022

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

282/36-VII

№

город Астана

**Астана қаласы әкімдігінің  
жанындағы Халықты жұмыспен  
қамту мәселелері жөніндегі  
ведомствоаралық комиссиясының  
құрамы туралы**

Астана қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының:

2022 жылғы 16 наурыздағы №149/22-VII «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы»;

2022 жылғы 30 маусымдағы №210/27-VII «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 16 наурыздағы № 149/22-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

2022 жылғы 30 қыркүйектегі №250/32-VII Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 16 наурыздағы № 149/22-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімдері жойылсын.

Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының  
2022 жылғы 14 желтоқсандағы  
№282 /36-VII шешіміне  
қосымша

Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Халықты жұмыспен қамту мәселелері  
жөніндегі ведомствоаралық комиссияның  
құрамы

- |                                   |  |
|-----------------------------------|--|
| Бекмырзаев<br>Ерлан Орынбасарұлы  | – Астана қаласы әкімінің орынбасары, төраға  |
| Жүсіпов<br>Ерлан Нұрланұлы        | – «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары         |
| Иманғазина<br>Римма Асымқызы      | – «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары   |
| Нұрекенова<br>Айгүл Әбдухитқызы   | – «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі жұмыспен қамтуды үйлестіру бөлімінің басшысы, хатшы |
| Байсеркина<br>Динара Сәтжанқызы   | – Астана қаласы мәслихатының депутаты  |
| Байтасов<br>Азамат Елемесұлы      | – «Астана қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры                                    |
| Сапаров<br>Қуаныш Бауыржанұлы     | – «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары                             |
| Күнәділов<br>Төлеген Нығметжанұлы | – Астана қаласы Кәсіподақ орталығының төрағасы (келісім бойынша)   |
| Ахметова<br>Нұргуль Сейілбекқызы  | – Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасы адами капиталды дамыту бөлімінің бастығы (келісім бойынша)  |

Сейітқұлов  
Алмат Еркінұлы

– «Астана қаласының Экономика және бюджеттік  
жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі  
басшысының орынбасары